

2024 жылғы қаңтардағы резеңке және пластмасса өнімі

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің көлемі 2024 ж. қаңтарда **25,6 млрд теңгені** құрады, бұл, 2023 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **6,7%** жоғары.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті пластмасса тақтайлар, табақтар, құбырлар және профильдер – **38%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **20%**, құрылыс пластик бұйымдары – **16%**, пластик бұйымдар – **18%**, резеңке бұйымдар – **8%** құрады.

Физикалық көлем индексі талдау жүргізілген кезеңде **94,3%** құрады, бұл, құбырлар, түтікшелер, құбыршектер және олардың пластмассадан жасалған фитингтері өндірісінің төмендеуіне (-4,3%) **байланысты**.

Резеңке және пластмасса бұйымдарының **экспорты** құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **75,9%** өсті және **362,0 млн АҚШ долл.** құрады. Резеңке және пластмасса тауарлардың негізгі көлемі **Ресей (80,1%), Қырғызстан (7,8%) және Өзбекстанға (5,5%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарлар **импорты** 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда **2 454,4 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **17,9%** артық.

Резеңке және пластмасса тауарлар импортының негізгі көлемі **Қытай (30%), Ресей (29%), Германиядан (5%)** келіп түсті.

Резеңке және пластмасса бұйым **нарығының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда **3 065,7 млн АҚШ долл.** құрады (*1 398,9 млрд теңге*), бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **7% артық**.

Өндірістің төмендегені (*2022 ж. салыстырғанда -2,6%*) байқалады, **ОТӨ үлесі** 7,4 п.п. төмендеді және **20%** құрады, бұл, ең біріншіден импорттың өсуіне (*+17,9%*) байланысты. Импорт өнім үлесі 80% құрады.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің ең жоғары көлемі 2024 ж. қаңтарда **төмендегі өңірлерде байқалады**: Алматы обл. (21,1%), Астана қ. (16,4%), Алматы қ. (12,9%), Қарағанды обл. (7,8%), Ақтөбе обл. (7%).